

ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ИГЕРУ

Султанбекова Жадыра Хамитбековна,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
аға оқытушы, педагогика магистрі, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі Қазақстанның экологиялық проблемалары, тек қана Қазақстанда емес сонымен қатар әлем проблемалары болып отыр.

Мақсаты Бастауыш сыныпта, дүниетану сабағында, әлем бойынша пробелема болып табылатын, экологиялық апаттар туралы білім мен тәрбие беру.

Түйінді сөздер: экологиялық білім, экологиялық тәрбие, оқушы, табиғат, орта.

Аннотация

Актуальность Экологические проблемы Казахстана являются проблемами не только Казахстана, но и мира.

Цель Образование и воспитание в начальной школе, на уроках познания мира, экологических катастроф, которые являются пробелами по всему миру.

Ключевые слова: экологическое образование, экологическое воспитание, природа, ученик, природа, среда.

Abstract

Relevance Environmental problems of Kazakhstan are problems not only of Kazakhstan, but also of the world.

Goal Education and upbringing in primary school, in the lessons of knowledge of the world, environmental disasters, which are ecosystems around the world.

Keywords: environmental education, environmental education, nature, student, nature, environment.

Қазіргі уақытта экологиялық білім бүкіл әлемде де, біздің республикамызда да өте ерекше маңызға ие. Адам іс-әрекетінің әсерінен табиғатта жаһандық өзгерістер көптеп орын алуда. Экологиялық апаттардың жаңа ошақтары пайда болуда, өсімдіктер мен жануарлардың көптеген алуан түрлеріне қауіп төніп тұр. Неге адамдар табиғатқа, өздері тұратын осы әлемге соншалықты кесірін тигізеді..... Олар гүлдерді, ағаштарды жұлып, жануарларды өздерінің ермегі үшін өлтіреді, деген сұрақ туындайды. Біздің ортамызда иттерді азаптап, мысықтарды қорлайтын адамдар көптеп кездеседі. Адам өзінің негізгі тәрбиесін отбасында алады. Бірақ білім тұлғаның қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Қазіргі кезімізде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйелері жасалып, білім беру деңгейіне белсенді салысуда. Басты міндет білім беру жүйесін жаңарту. Ал бұл міндет бастауышта оқыту саласына тікелей қатысты да маңызды. Білім негізін қалау, бастауыштан негіз алып, ірге тасы қаланады. Сондықтанда бастауышта білімнің ірге тастын берік те, мықты қалауымыз өте қажет. Мектеп оқушыларының санасына «Дүниетану» сабақтарында экологиялық тәрбие беру негіздерінің мәні өте зор. Оқушылар бүгінгі заман талабы, қоршаған ортамызда, айналамызда, табиғатта болып жатқан табиғи құбылыстар, олардың адам өміріне зияны мен пайдасын ажырата алуы үшін экологиялық білім мен тәрбие беру өте қажетті деп ойлаймыз [1].

«Дүниетану» пәні негізінен үш блокты: «Адам», «Табиғат», «Қоғам» бірлестіретін пән болып табылады. Яғни, «Дүниетану» пәні – «өмір әліппесі» болып саналады.

«Дүниетану» пәнінің мақсаттарының бірі – оқушылардың қоршаған ортаны танып, олармен дұрыс қарым-қатынас жасауын қалыптастыру. Дүниетану сабақтары арқылы оқушылар адам, қоғам, табиғат, яғни дүниенің үш құрамдас бөлігі туралы білім алады. Дүниетану пәні балалардың танымдық белсендігін арттырып, яғни дүниетанымын қалыптастырады. Балаларға өзін қоршаған өмірді, оның құбылыстарын танып білуге мүмкіншілік береді. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының тілін, ой-өрісін дамытып, оларды өздігінен жұмыс істеуге, табиғатты сүйуге, қорғауға, шығармашылыққа белсенді жетелейді.

«Дүниетану» пәні қоршаған орта туралы білім бере отырып, балалардың табиғатқа деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттырып, оның тылсым тынысы мен сиқырлы сырларын білуге, табиғатты қорғауға, көркейтуге тәрбиелейді.

Қарапайым орманға, табиғатқа барғанда, құстардың дыбысын, ағаштардың сыбдырын, айналаны қоршаған табиғатқа дүниені бәрін байқамаймыз. Сол құстардың дыбысы, ағаштардың сыбдыры жалпы айналаны қоршаған табиғаттың адамға берер үлесі көп екенін байқамаймыз.

Дүниетану пәнінің мазмұнына адам туралы мәліметтер енгендіктен, бұл материалдарды меңгеру барысында оқушылар үлкендерге, құрбы-құрдастарына, кішілерге, жан-жағындағы яғни айналасындағы барлық адамдарға қамқорлықпен қарауға, құрметтей білуге, сыйлауға, көмектесуге бейімделеді. Оқушыларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке, кішіпейілділікке баулу да, адами асыл сезімдерді ояту, яғни осы пәнді оқыту барысында жүзеге асырамыз. Оқытып, үйрету барысында қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ұмытпай, қастерлеуге үйрететін, ұлттық мәдениетіміздің бүкіл нәрін бала жүрегіне дәл жеткізуге дүниетану пәнінің қосатын үлесі зор. Егер әр тақырыпты тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқытатын болсақ, онда балалардың сана сезімін, әдет-ғұрпын, мәдениеті мен дүниетанымын дамытуда дүниетану пәнінің атқаратын рөлі ерекше екеніне күмәніміз болмауы керек. [2].

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты білімді, парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу, заман талабына сай оқытып білім беруде халық педагогикасының түрлерін қолдану өте жеткілікті. Балаларды оқыту кезінде әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескеру – әрбір оқытушының міндеті. Сыныптағы балалардың психологиялық ерекшеліктері мен жұмыс істеу мүмкіндіктері әртүрлі болады. Сондықтанда дүниетану сабақтарында халық педагогикасына негізделген экологиялық тәрбиелеу жолдарын жүзеге асыру үшін оқытушы сынып оқушыларының білім деңгейін, олардың жеке ерекшелігін, білім алуға деген қабілетін, сабаққа деген зейінін, есін, қабылдау, ой қорытуға деген қабілеттерін жақсы ажырата білуі қажет.

Табиғатқа ұқыпты, жанашырлықпен қарауға және жауапкершілік сезімі кішкентай кезден бастап, тәрбиеленуі міндетті. Бұл іс-әрекет неғұрлым ерте жастан басталса, оның педагогикалық тиімділігі соғұрлым жоғары болатынына сөз жоқ.

Төменгі сынып оқушыларын жергілікті табиғат ресурстарын қорғау жөніндегі шамасына лайықты практикалық іске белсене қатыстыру болып табылады. Мұндай істер өте көп: ол мектептің іші мен сыртын, қамқорлыққа алған көшелерді, гүлзарларды күту, шалғын және ағаш-бұта өсімдіктерінің жемістері мен тұқымдарын жинау, құстарды қорғау және оларды тамақтандыру, құстарға ұя жасау, туған өлкені зерттеп білу барысында табиғат ескерткіштерін қамқорлықтарына алу. Осы сияқты қоғамға пайдалы жұмыс істеу барысында табиғатқа саналы және ұқыпты қарау әрбір адамның міндетті ісі болуы шарт екендігіне оқушылардың көзін жеткізе білу керек.

Балаларға табиғат қорғау дағдыларын бойларына дарытып, табиғатты қорғауға үйретуге міндеттіміз.

Экологиялық зерттеу барысында бүгінгі таңда жасөспірімдерге үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жаңаша құру және оны өміршең ету республикамыздың білім беру тұжырымдамасында жан-жақты қарастырылған. Оның үстіне жалпы білім беретін мектептерді 12 жылдық оқу жүйесіне көшіру қалыптасқан оқу үрдісіне көптеген өзгерістер әкелері сөзсіз.

Бастауыш сыныпта экологиялық білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру үшін, оқытушының өзінің табиғатпен қатынасы білікті болуы керек. Баланың табиғатпен қатынасының тиімділігін арттырудағы қоғамдық қажеттілікпен байланысты факторларды сараптау экологиялық білім берудің мазмұнын қалыптастыру саласындағы негізгі мынандай қорытындыға әкеледі: бұл мазмұн оқушыларға тиімді экологиялық тәрбие беру

мұғалімнің білімнің мазмұны және оның табиғатпен тиімді өзара қарым-қатынас арқылы бағытталуы қажет.

Бастауыш сыныпта балалардың экологиялық білім мен тәрбие алуына отбасы үлкен рөл атқарады. Отбасындағы табиғатты қорғау тәрбиесі – балаларда туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілікпен, мейрімділікпен, жанашырлықпен қарауға өзіндік бір үлесін қосады. Әр отбасының ересек адамдарының бірі баланың алғашқы тәрбиелеушілердің бірі болып табылады. Ана сүтімен, әкенің күлкісімен, ата, әжелердің мейірімі және еркелетуімен бөбектің өміріне, жақындарына, үй-ішіне, қаласына, табиғаттың элементтеріне деген алғашқы сүйіспеншілік сезімі кіреді. Осы сүйіспеншілік кейін баланың саналы табиғи қорғау жұмысының негізі болып табылады. Табиғатқа деген сүйіспеншілік туған үйінің босағасында қалыптасады. Мұнда ата-аналар ең маңызды рөл атқарады. [4].

Оқушыларға экологиялық тәлім-тәрбие беру – оның болашақта жас ұрпаққа жауапты бір саланың мамандығын игерту барысында экология мәселесіне терең мән беретін тұлға болып қалыптасатынына негіз болады деп санаймын. Сол себепті, бүгінгі мектеп жүйесінде оқушыларға экологиялық тәлім-тәрбие беру жұмыстарын барынша ұйымдастыру – педагогикалық талаптардың бірі болғаны шарт.

Бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімдерінің аса жауапты міндеттерінің бірі – оқушылардың санасына қоршаған ортаға, туған өлке табиғатына сүйіспеншілікті қалыптастырып, сол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтау және молайта түсуге бағытталған сезімдерін тәрбиелеу және оқушыларға экологиялық тәлім-тәрбие беру.

Экологиялық тәлім-тәрбие берудің мақсаты қоғам мен табиғаттың үйлесімділік әсер идеяларын түсіну, адам мен айналадағы табиғи ортаның қалпын сақтау жауапкершілігіне балаларды баулу болып саналады.

Оқушыларға экологиялық тәлім-тәрбие берудің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің теориялық негізі ертеден айқындалған. Мәселен, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци классикалық педагогикада баланың табиғатқа қатынасын тәрбиелеу, білім беру, дүниетанымын қалыптастыру заңдылықтарын негіздесе, халқымыздың ұлы ойшылдары мен ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев өз еңбектерінде табиғатқа деген сүйіспеншілік көзқарастарының ғылыми педагогикалық тұрғыда ашқан. [5].

Болашақ ұрпаққа экологиялық тәлім-тәрбиені тек пәнаралық сабақта емес, сонымен қатар күнделікті тұрмыс-тіршілікте, ата-бабаның салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын пайдалану арқылы да беруге болады. Экологиялық тәрбие отбасында ана әлдиінен басталған: адам баласы шыр етіп өмірге келгеннен бастап, ата-бабаларымыз туған ел, өскен жер туралы, оны қастерлеп, тазалығын сақтап, байлықты, табиғатты аялауға ұрпақтарын тәрбиелеген. Бұл тәрбие отбасында басталып, балабақша, мектеп және басқа оқу мекемелері болып үздіксіз білім берудің қайнар көзі, білім бұлағы және ұйымдастырушысы болуы тиіс.

Экологиялық білім беруде жүзеге асыруда оның негізгі міндеттеріне көңіл бөлу қажет:

- экологиялық білім мен тәрбие жүйесіне басымдық беру;
- қоршаған ортаны қорғауға деген жоғары адамгершілік сезімі мен жауапкершілігін тәрбиелеу;
- экология саласындағы білім жетістіктері мен нормативті-құқықтық құжаттарды білу.

Экологиялық білім беруді жүзеге асыру міндетіне сәйкес көпшіліктің санасында «экологиялық тәрбие», «экологиялық білім» туралы ұғымдар қалыптаса бастады. Ал, бұл қос ұғым мәні мен мағынасы бір, бірін-бірі толықтырып отыратын түсініктер. Яғни, экологиялық тәрбие мен білімнің бірге қалыптасуы оң және тиімді нәтиже береді.

Отбасы мен бастауыш сыныптарда жүргізілетін тәрбие жұмыстарында сол тәрбие түрінің мүмкіндігіне қарай табиғаттың біртұтас екенін, тіршілік қабатындағы өсімдік-

тер мен жануарлар дүниесі бірімен-бірі тығыз байланыста дамып, адамға да, табиғатқа да пайда келтіретінін ата-аналар мен тәрбиеші-ұстаздар өздері толық ұғына отырып жүргізуі тиіс. Сонымен қатар, сыныптан тыс тәрбие жұмысының мазмұны мен мақсаты жүйелі түрде келешек ұрпақты табиғат қорғауға тәрбиелеу идеясымен сабақтаса жүргізілуі қажет.

Экологиялық білім мен тәрбие беруді ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал, мұғалім мен оқушы арасындағы барлық оқу-тәрбие жұмыстары сынып сағаты үстіндегі іс-әрекет арқылы жүргізіліп отырады. [3].

Дүниетану пәні балалардың дүниетанымын қалыптастыруда ролі зор. Яғни, үздіксіз білім, берудің біртұтасты, жүйелендіріп кіріктіре оқыту ұстамдарының бірізділігін жүзеге асырады. Бірақта экологиялық білім қалыптастырудың жетекші ұстанымы табиғат құрауыштарының бір-біріне тәуелді байланыстылығы сақталмаған. Жас өсіп-ірімдерге қоршаған табиғи орта туралы білім биоцентризм ұстанымы бойынша жүйелі әрі бір-бірімен сабақтастықта берілуі тиіс. Тағы бір жағдай соңғы жылдары үздіксіз экологиялық білім беруді жүзеге асыру барысында кейбір бастауыш мектептерде экология курсы енгізіле бастады. Көптеген мұғалімдер өзінің авторлық бағдарламалары бойынша сабақ жүргізеді. Бастауыш мектепке арналған экологиялық оқу бағдарламаларын бір жүйеге келтіру міндеті тұр.

Балаларға экологиялық білім мен тәрбие берудің дұрыс ұйымдастырылуы табиғатқа деген көзқарасын өзгертеді, яғни табиғат-анаға саналы түрде қарым-қатынас жасайды.

Жоғарыдағы тілге тиек еткен мәселелерді қорытындылай келгендегі қысқаша тұжырымдама: бастауыш сыныпта берілген білім мен тәрбие баланың дүниетанымын, болашақ білімдарлығының түптамыры бола алады. Сондықтан экологиялық тәрбие мен білімді сол қабылдауы мен құштарлығы басым кезде үйрету абзал. Сонда ғана біздің еліміздің болашақ ұрпақтарының кез келгені экологиялық сауатты, адамгершілікті, мейірбан табиғатпен жан дүниесі үйлескен, дүниетанымы кең болып тәрбиеленеді. [6].

Табиғат – біздің анамыз. Оны таза ұстау, қорғау, экологиялық орта қалыптастыру біздің еліміз, адам баласының келешегі үшін қажет. Сондықтан экологиялық күрес – өмір үшін күрестің негізі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіразақов Е. Адамгершілік имандылық тәрбиесі. – Шымкент 1994.
2. Әбілова З. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – А, 1972.
3. Әлімқұлова Ә. Табиғатты қорғау дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. /Бастауыш мектеп/ – 2003 – №12 8-96.
4. Дулатова Г. Экологиялық білім берудің негізгі мәселелері. /Бастауыш мектеп/ – 2001 – №6 22-236.
5. Жотқанбаев Ж. Экологиялық соқпақ және биосфера компоненттері. /Биология және экология/ – 2005 – №4 7-86, 13.
6. Жұмағұлова А. Экологиялық тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы. /Бастауыш мектеп/ – 2005 – №9 13-146.